

ҚАЗАҚСТАННЫҢ БОЛАШАҒЫ ҮШІН ӘЛЕММЕН ЖАРЫСҚА ТҮСТІК...

Қарағанды қаласы, Н. Нұрмақов атындағы мамандандырылған мектеп-интернаты республика көлемінде өзінің білім және тәрбие берудің күрделі мазмұнымен алда жүрген мектептердің бірі. Білім берудің тарихы оның қоғамдануының белгілі бір нақты дәуірі мен тікелей байланысынан шығады. Бұнда, біріншіден, білім берудің мақсаты мен міндеттері қоғамның сұраныстарымен айқындалады, екіншіден, қоғам дамуының барысы білім берудің жай-күйімен де байқалады.

Осындай бір дәуір ҚР Президенті Н. Ә. Назарбаевтың 2007 жылғы 28 ақпанындағы Қазақстан халқына «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты жолдауынан кейін айқындалды. Осы жылдан бастап 84 жылдық тарихы бар мектеп-интернат алдында білім алушыларды үш тілді қатар меңгерген ұрпақ ретінде таныту міндеті тұрды: мектеп республикадағы үш тілде оқытатын 33 мектептің қатарына енді.

Мәдениетаралық түсіну мен өзара сыйласу негізінде әлемді жақсартатын ізденімпаз, білімді және қамқор жастарды тәрбиелеуді мақсат тұтқан мектептің даму стратегиялық жоспары бірнеше бағыттан тұрады:

I стратегиялық бағыт – **Білім берудің оң қарқыны**

Мақсаты: жаңа интеллектуалды тұлғаның өсуіне, сана-сезімдері мен ойлау қабілетінің дамуы мен жаңа технологиялық және ақпараттық



әлемде мектеп қабырғасында берілетін құзыреттілікке бағытталған білімнің сапасын арттыру

II стратегиялық бағыт – **Қауымдастық пен қызмет**

Мақсаты: белсенді азаматтық ұстанымды, әлеуметтік жауапкершілікті, отансүйгіштік сезімді, жоғары адамгершілік және басшылық қасиеттер қалыптасқан тұлға тәрбиелеу

III стратегиялық бағыт – **«Таным-тілдік» кеңістік**

Мақсаты: тұлғаның тілдерді терең меңгеруі арқасында олардың әлеуметтік дамуын қамтамасыз ету

IV стратегиялық бағыт – **Педагог мәртебесі**

Мақсаты: педагогтардың мәртебесін арттыру, олардың мансаптық өсуі мен оқытылуы және кәсіби біліктілігін дамыту

V стратегиялық бағыт – **Сапалы білім мен тәрбие өлшемі**

Мақсаты: Білім алушылардың оқу мен оқытудағы жетістіктерін объективті бағалау және әр оқушының жеке

траекториясын анықтауда оқу – тәрбие үрдісінде критериалды бағалау жүйесін енгізу.

Мектеп – бір ауысымда, ұзақ күнді, барлығы 408 оқушы білім алады.

Оқушы құзіреттіліктерін дамытуды алға мақсат етіп қойған біздер әр сабақтың теориялық білімдерді қолдануға үйрететін зертханасы болсын деп ұйғардық. Сол себепті үш тілді терең меңгертіп, оларды таным құралы, ұтымды байланыстар құралы ретінде пайдалану үшін «Тіл – таным» тілдер зертханасы осыдан 15 жыл бұрын құрылған.

Өйткені, қазақ тілін өнер тілі, ғылым тілі, мәдениет тілі тұрғысынан қарастыру арқылы білім алушылар бойына мемлекеттік тілді құрметтеу және оны конституциялық статусына сәйкес қолдану машықтары дарыты-

лады. Осы тұрғыдан басқа екі тілге де құрметпен қарап, олардың білім алушылар үшін маңыздылығын түсініп, биік дәрежеде меңгерту ұйымдастырылған. 5-11-сыныптарда орыс тілі мен әдебиеті орыс мектебі бағдарламасы бойынша оқытылады. Ағылшын тілін оқыту тереңдетілген бағдарлама бойынша қазақстандық оқулықтармен бірге британдық оқулықтармен жүргізіледі. Функционалдық сауаттылық – оқушылардың сыртқы ортамен қарым – қатынас жасау қабілеті, оқушылардың өзгермелі өмірге бейімделуінің шарты, оқушылардың жеке бас қабілеттерін дамытудың тетігі. Сол себепті мектептегі 7-8 сынып оқушыларына екінші шет тілін меңгеруге еркіндік берілген. Қазіргі таңда мектеп оқушыларының түрік, неміс және француз тілдерін оқыту ұйымдастырылған.

7-11 сыныптар арасында жаратылыстану – математикалық бағыттағы пәндер: математика, физика, биология, география және информатика ағылшын тілінде жүргізіледі. Бұл пәндерді жүргізетін 13 маман бар.

ОҚИТУДАҒЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕР

Мектебіміздің даму бағдарламасы оқушылардың білімін жетілдіруді негізгі мақсат етеді. Білім алушылардың ашық-жарқын, жаңашыл, өзіндік сыни пікірі қалыптасқан, шығармашыл азамат болып өсуі үшін мұғалім – қоғамдағы болып жатқан тез өзгеріп тұратын әлеуметтік-экономикалық, педагогикалық өзгерістерге тез төселгіш, жаңаша ойлау жүйесін меңгерген, жан-жақты білімдарлығы, тұтас дүниетанымы болуы қажет. Өз пәнінің шеңберінде қалып қойған мұғалім балаға білім, тәрбие берудегі биік мақсаттарға жете алмайтыны анық. Қазақстанның бүгінгі мен ертеңгі жас ұрпақтың еншісінде. Ал жас ұрпақты жан-жақты, терең білімді, интеллектуалдық деңгейі жоғары етіп қалыптастырудың бірден-бір жолы – оқушыға білімді терең игертудің тиімді әдіс-тәсілдерін іздестіру, шығармашылыққа жетелеу. Бұл жағдайда мұғалімнің терең біліктілігі қажет. Қазіргі заман талабына сай ойшыл, ғылыми-әдістемелік біліммен



терең қаруланған, педагогика мен психологияны жетік меңгерген шебер мұғалім қажет.

Оқушылардың бойында іскерлік дағдыларының конструктивті дамуы үшін, тұлғаның қалыптасу кезеңінде өмір бойы «білім алуды үйрену» шешуші роль атқарады.

Сонымен бірге, зияткерлік мектебіміздің негізгі ерекшелігі – мемлекетіміздің үштілдік саясаты жүзеге асыра. Басты мақсат – сөйлеудің төрт қабілетін дамыту: оқу, тыңдау, сөйлеу және жазу.

Бұл мақсат жылдан-жылға тіл біліктілігін жетілдіру және жеңілден қиынға өту принципі бойынша дамытылады.

Біздің мектепте физика, математика, география және биология пәндері ағылшын тілінде оқытылып және ағылшын тілі тереңдетіліп, орыс тілі орыс мектебінің бағдарламасы негізінде оқытылса, ал негізгі тілі – қазақ тілі болып табылады. Ағылшын тілінде оқытылатын пәндер топқа бөлініп оқытылады. Негізгі және жоғары мектепте халықаралық бакалавриат (ХБ) бағдарламасы бойынша оқыту көзделеді.

Негізгі мектеп оқу бағдарламаларының бағыты:

- жаратылыстану-математикалық бағытындағы пәндер бойынша бейіндеуге;
- оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуға және тұрақты өсіруге;

- өзіндік, жобалық және зерттеу қызметіне деген икемділікті қалыптастыруға;
- пәнаралық ықпалдастыруға;

Білім беру бағдарламаларының мазмұны жаратылыстану-математика бағытындағы пәндер бойынша ертеден бейімдеуді ескерген қазақстандық және халықаралық бағдарламаларды ықпалдастыруға негізделген көптілді білім беру жүзеге асырылуда.

Мектебімізде бірінші негізгі тұғыр-ол қазақ тілі деп алып, оның үстіне қалған екі шетел тілін қондырғы тәріздес орналастыру ұйғарылған. Сондықтан қазақ тілінің таным құралы ретіндегі айқындаушы рөлін орнықтыру мақсатында «Таным баспалдақтары» таңдау пәні оқытылуда.

«Ағылшын тіліндегі іскерлік қарым – қатынас тілі», «Ағылшын тілін бейнефильм негізінде оқыту», «Тармақтан эссеге дейін», «Ағылшын тілін көркем әдебиет негізінде оқыту», орыс тілі пәнінен «Еркін аударма» атты курстар енгізілді. Мектебімізге аты берілген халқымыздың зиялы ұлы Н.Нұрмақов тұлғасымен сусындатып оқыту, ұрпақты ата-баба дәстүрімен тәрбиелеу мақсатында тарих пәнінің мұғалімі Р. Қ. Қаппасованың авторлық бағдарламасы бойынша «Нығметтану» курсы және аралас экономика жүйесінде бизнестің қыр – сырын үйрету негізінде «Әлемдік бизнес

этика», «Қаржылық сауаттылық және экономика білім негіздері» атты курстары оқытылуда.

2016-2017 оқу жылында мектеп-интернатта ІТ сыныбы ашылды. Оқушылардың алгоритмдік және операциялық ойлау қабілеттерін, олардың АКТ құралдары арқылы логикалық, математикалық, зияткерлік және шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған «Физикаға кіріспе», «Қолданбалы физика», «Логика», «Комбинаторика», «Cisco» сынды курстар енгізілді.

Жоғарғы мектеп бағдарламалары (10-11 сынып) орта және жоғары білімнің үздіксіздігін қамтамасыз етеді, ана тілі мен әдебиеті, шет тілі, математика, жаратылыстану ғылымдары, элективті курстар, таңдау пәндер топтарымен беріледі.

Жоғарғы мектеп оқу бағдарламалары:

- жаратылыстану-математика бағытындағы пәндер бойынша оқушылардың нысаналы дайындалуына, кәсіби қызығушылығын қалыптастыру мен нақты мамандық таңдауына;
- оқушылардың қызығушылығы, бейімділігі және қабілеттілігінің толыққанды ескерілуіне, оқудың жеке траекториясын құруға;
- халықаралық деңгейде танымал жоғары оқу орындарына түсуге дайындауға;
- зерттеу және ғылыми қызметке;
- ағылшын тілінде білім алуға бағытталған.

Жоғарғы мектептің білім беру, «CAS» және «Қоғамға қызмет ету» бағдарламалары өзіндік, жобалық

және зерттеу қызметінің түрлі нысандары арқылы жүзеге асырылады және **«халықаралық деңгейде бәсекеге түсе алатын, Қазақстанның зияткерлі элитасын тәрбиелеудің іргетасын»** қалыптастыруға бағытталған.

Пән мұғалімдері Еуропалық Біліктілік стандартының **серіз білігінің** оқушыларды іскерлікке, сыни тұрғыдан ойлауға үйрететін, деректерді жинақтау мен бағалау арқылы терең ойлау деңгейіне жеткізетін тапсырмалар жүйесімен үнемі жұмыс жасайды. Айталық, қазіргі кезде өзектілікке ие болып отырған білім беру мен оқытудағы қажеттіліктерге сәйкес қабілеттіліктеріне негізделген **шетел тілінде қатынас жасай білу құзыреттілігі қалыптастырылады**. Интернет арқылы ынтымақтаса қызмет жасайтын торларда қарым – қатынас жасауға негізделген *дигитальды / ақпаратты құзыреттілікті*, жаңа білімдер мен іскерліктер табуға, алуға, өңдеуге әкелетін **оқу іскерлігі құзыреттілігін** өз оқушыларының тұлғалық жетілуі мен дамуы, белсенді азамат болуы үшін қолданады. Оқу – тәрбие үдірісінде құзыреттілікке бағытталған білім беруде аффективті салаға арналған Кротвеллдің бес деңгейлі таксономиясы және когнитивті салаға арналған Блумның алты деңгейлі таксономиясы қолданылады.

Мұнымен қатар, білім беру жүйесі «Халықаралық тұрғыда ойлау» идеясын дамытуда. Білім беру процесін ұйымдастырудың негізгі тәсілдері мен қағидаттарын ұтымды іске асыру үшін жұмыс аптасының **бес күндік тәртібі бойынша іске асырылады**.

Жұмыс аптасының алтыншы күні – өзіндік жобалау, зерттеу жұмыстары және өзге де іс-әрекеттер (**спорттық, сауықтыру, шығармашылық және т.б.**) **ұйымдастырылады**.

Оқу – тәрбие үрдісіне қатысты, жоғарыда аталып өткен кафедра-лар мүшелерінің барлығы мектептің ғылыми әдістемелік құрылымына кіріп, білім беру үрдісінде ғылыми – әдістемелік қызметті іске асырады. Кафедра мектептің ғылыми – әдістемелік кеңесі мен педагогикалық ұйымның құрастырған стратегиялары мен жоспарларын іске асырады.

Жыл сайын мектебімізде инновациялық түрдегі сабақтың көрсеткіштері мен бағалау өлшеуіштерінің тиімділігін анықтау мақсатында **«Инновациялық аймақтағы сабақ»** атты әдістемелік айлық өтеді. Осы әдістемелік айлықтың аясында заманауи сабақтар көрсетіліп және «Қазіргі педагогикалық технологиялар – мектеп білім беру кеңістігі қалыптасуының факторы» атты педагогикалық шеберхана, «Қазіргі сабақ. Ол қандай болуы керек?» атты теориялық – практикалық семинар, Әдістемелік көрме – консультациялар: «Оқу пәндері бағдарламаларының құрылу алгоритмі», «Факультативтік және элективті курстардың тиімді оқыту әдістері», «Калейдоскоп (Мұғалім шеберлігінің айнасы)» «(келесі оқу жылындағы аттестаттаудан өтетін мұғалімдер мен аттестатталған мұғалімдер кездесуі) дөңгелек үстел, «Мұғалімнің ең үздік портфолиосы», «Мұғалімнің іс – әрекеті және мектептегі инновациялар» атты мұғалімдердің ғылыми – практикалық конференциясы өтеді. Сабақты зерттеу тәсілі оқушыларды оқыту мен оқуындағы тәжірибесін жақсарту үдерісіндегі маңызды элемент болып табылады. Сол себепті мектеп – интернат облыстық педагогикалық шеберхана орталығымен келісімшартқа отырып, Lesson study әдісін жүргізуді қолға алды. Мұғалімдерді оқушылардың бойында өз бетімен білім алу, өзін – өзі реттеу дағдыларын қалыптастыруға; қазіргі заманда табысты өмір сүруге дайын, сандық технологияларды құзырлылық танытатын белсенді азамат, болашақ маман ретінде қалыптасуға көмектесетін оқу үдерісін ұйымдастыру үшін қажетті біліммен және практикалық дайындықпен қамтамасыз ету мақсатында «Өзгеріс» кәсіби қоғамдастығы жұмыс жасайды. Онда



басқарушы, үйлестіруші, дамытушы көшбасшылары менторинг пен коучинг сабақтар өткізді. Оқыту процесінде мұғалімдердің теориялық білімі мықты, заман талабына сай өз сабағын дұрыс талдай алатынын әдістемелік жұмыс тәжірибе жүзінде дәлелдеп отыр.

Ұрпақтың ұлы мұраты жолында талмай еңбек етіп жүрген, өз ісіне берілген жаңалықты жатсынбай қабылдайтын шәкіртінің жанына нұр құйып өмірде өзі де бақытты болып, өзгелерді де бақытқа жеткізем деп жүретін ұстаздар еңбегі өлшеусіз.

- Облыс әкімінің жыл сайынғы марапаттауы бойынша 1000000 тенге сыйақыға – 1 мұғалім;
 - 250000 тенге сыйақыға – 3 мұғалім;
 - «Дарынды балаға – талантты ұстаз» республикалық сайыс жеңімпаздары – 4 мұғалім;
 - «Үздік авторлық бағдарламалар» сайысының жүлдегерлері – 15 мұғалім;
 - Республикалық «Ұстаздар даңқы» Құрмет кітабына орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі М. Т. Серікованың есімі енді. 2013 жыл.
 - Мектеп директоры Е.М.Әшімнің суреті Қарағанды облысындағы білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығындағы Құрмет тақтасына ілінді.
- ҚР білім беру ісінің үздігі – 2
– Ы. Алтынсарин төс белгісі – 1
– Қ. Сатбаев атындағы орден иегері – 1
– Я. А. Каменский атындағы медаль иегері – 1
– ҚР білім беру ісінің құрметті қызметкері – 2
– «Тіл жанашыры» төс белгісінің иегері – 1.
– Швейцария-Америка академиясының диплом иегерлері – 17.
– Республикалық «Үздік педагог-2017» сайысының жеңімпазы – 1.

Жас жеткіншектің бойындағы ерекше қабілетті, дарындылықты анықтау, оқыту, дамуына бағыт – бағдар беріп қолдау – ерекше қиын іс, ұстаз парызы. Оқушыға білімді терең игертудің тиімді әдіс – тәсілдерін іздестіріп, шығармашылыққа жетелеу жолында еңбек етіп жүрген ұстаздардың еңбегі арқасында мектеп-интернат оқушылары түрлі облыстық, республикалық, халықаралық сайыстарда, олимпиадалар мен ғылыми жобаларда орасан жетістікке жетіп мектептің абыройын асқақтатты.

2015-2017 оқу жылдары арасында облыстық олимпиададан – 69 оқушы;

республикалық олимпиадан – 2 оқушы; Республикалық ғылыми жобалар сайысынан – 9, Халықаралық ғылыми жобалар сайысынан – 9 оқушы жүлделі орынға ие болды.

Алтын ұядан түлеп ұшқан, «Алтын белгі» иегерлері саны – 15 оқушы.

Үздік аттестатқа ие болғандар саны – 12 оқушы.

Шет елдік ЖОО оқитындар – 22 оқушы.

Мектеп түлектерінің 95% еліміздегі ЖОО грантына ие болады.

Мектеп-интернат оқушыларының түрлі байқауларға, Республикалық «Дарын» орталығы, облыстағы Шағын Ғылым Академиясының ұйымдастыруымен өткен конференцияларға қатысу деңгейі жоғары, сонымен қатар соңғы үш жыл қатарынан «Нұрорда» халықаралық мектебінде ағылшын тілінде өтетін дүниежүзілік «World Scholars' Cup» турниріне қатысты. Алғашқы қатысуда оқушылар 24 медальмен оралса, бытырғы жылы 44 (8 алтын, 36 күміс), биылғы жылы әлемдік дебат турнирінің кубогі мен 30 (15 алтын, 15 күміс) медальмен оралды. «Лингвистика» саласы бойынша халықаралық олимпиадаға республика құрама командасының ішінде 11 сынып оқушысы Танабай Исламбек Исландия мемлекетіне жолдама алды. Робототехника жұмысы жандануда. Халықаралық ROBOLAND-2017 олимпиадасында мектеп командасы бес алтын, бес күміс, екі қола медальдарға ие болып, командалық екінші орынға ие болды.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТАР

Үш мұғалім Кембридж университетінен «Болашақ» халықаралық бағдарламасы бойынша бір жылдық тағылымдамадан өтті. Қазіргі кезде бір мұғалім осы бағдарлама бойынша халықаралық тағылымдамадан Англияда өтіп жатыр. Жеті мұғалім мен үш мектеп лидері «Халықаралық бакалавриат» (Бельгия) бағдарламасы бойынша сертификатталды, 21 мұғалім «XXI ғасырдың инновациялық мектебі» (Канада) жобасы бойынша сертификатталды.

Тәжірибе алмасу мақсатында Оңтүстік Африка Республикасы, Түркия, Оңтүстік Корея, Грузия, Мозамбик мемлекеттеріне іссапарлар жасалды. Түркияның екі мектебімен бауырластық қарым-қатынастар туралы меморандумға қол қойылды. Оңтүстік Корея тәжірибесінен «Аксиоматикалық моделдер арқылы білім беруді қайта құру» жобасы тәжірибеге енгізілуде. Түркия тәжірибесінен функционалдық сауаттылықты дамыту жұмыстарын жүйелеу қолға алынды. Грузия тәжірибесінен үш тілде білім беру бойынша кейбір идеялар алынды. ОАР мен Түркия тәжірибесінен білім берудегі менеджмент жаңартылды. Үш жыл бойы Ресейдің Новосибирск мемлекеттік университетінен ағылшын тілі пәнінен тағылымдамадан өтуге студенттер қабылданады. Қазақстан Республикасындағы ЮНЕСКО қауымдастырылған мектептеріне кандидат – мектеп. 2017 жылы Татарстан Республикасынан келген делегацияны қабылдап, Қазан федералдық университетінің «IT» лицейімен меморандумға қол қойылды. Білім алушыларды ұлттық құндылықтар негізінде әлемдік мәдениет жетістіктеріне бейімдеу, елжандылыққа, ұлттық рухани байлыққа тәрбиелеу арқылы жан – жақты дамыған, бәсекеге қабілетті жеке тұлға ретінде қалыптастыру мақсатында жұмыстар атқарып келе жатқан Н.Нұрмақов мектеп – интернаты облыс білім беру ұйымдарының ішінде «Үздік білім ұясы-2017» атағын иеленіп 19 миллион сыйақымен марапатталды. Республикалық мамандандырылған білім беру ұйымдары арасында «Үздік мамандандырылған білім ордасы-2017» сайысының Гран-при иегері атанды.

АННОТАЦИЯ

В статье рассказывается о ведущем учебном заведении - специализированной школе-интернате им. Н. Нурмакова, о воспитании нового поколения суверенного государства, об особенностях обучения. Это учебное заведение славится своим учительским составом.